



ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ
САҚТАУ ҮЛТТЫҚ
ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚА ҚАТЫСТЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ- 2018



2017-2018 оқу жылында Қоғамдық денсаулық сақтау үлттық орталығы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен, еліміздің барлық өнірлерін қамти отырып, оқушылардың денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты туындайтын мінез-құлыштарын зерделеу бойынша алғашқы үлттық зерттеу жүргізді. Зерттеу 49 елде және Еуропа мен Солтүстік Америка өнірлерінде ДДҰ-мен ынтымақтастықта жүргізілетін HBSC халықаралық зерттеу өдіснамасына негізделген. HBSC 11, 13 және 15 жастағы ұлдар мен қыздар арасында денсаулық пен әл-ауқат жағдайы, әлеуметтік жағдайлар және денсаулықта ықпал ететін мінез-құлыш туралы ақпарат көзі болып табылады. Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін 110 мектептен 6546 оқушы сауалнамаға қатысты.

Зерттеудің мақсаты: Қазақстан Республикасының 11, 13, 15 жастағы жасөспірімдерінің денсаулығы мен әл-ауқаты, өмір салты көрсеткіштерін, мінез-құлыш түрлерін жастардың денсаулығына қатысты білім мен дағдыларды арттыру және денсаулықты нығайту бойынша саясатқа, бағдарламаларға және шараларға мониторинг жүргізу және ықпал ету үшін негіз ретінде зерделеу.

НЕГІЗГІ НӘТИЖЕЛЕР

ОТБАСЫ МЕН ҚҰРДАСТАР

- Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер анасымен (93%) және әкесімен (81%) оңай тіл табысады, бірақ 15 жасқа қарай ата-анасымен ара қатынасы нашарлай бастайды.
- Ұлдар мен қыздардың көпшілігі отбасы (81%) мен құрдастары (64%) тарапынан үлкен қолдауды сезінеді, жасы өсken сайын бұл көрсеткіш төмендейді. Отбасы тарапынан үлкен қолдауды түйсіну қыздар арасында жоғары.

ЭЛЕКТРОНДЫҚ КОММУНИКАЦИЯ ҚҰРАЛДАРЫ

- Жалпы оқушылар (71%) электрондық коммуникация құралдарын (бұдан әрі - ЭКҚ) орынды пайдаланушы болып саналады, есейе келе ЭКҚ пайдалану жиілігі артады.
- Қыздар арасында орынды пайдаланушылар көп, ал ұлдар арасында ЭКҚ қарқынды пайдаланушылар көп.
- Балалар мен жасөспірімдердің кемінде 7%-ы әлеуметтік желілерді проблемалы пайдаланушылар. Оқушылардың 33%-ы бетпе-бет жолығып, қарым-қатынас жасағанан гөрі, өз уайымын жеңілдету үшін онлайн байланысты қалайды.

МЕКТЕП

- 11 жастағы балалардың көпшілігіне мектеп өте ұнайды (55%), олар мұғалімдер (82%) мен сыныптастар (70%) тарапынан үлкен қолдауды сезінеді.
- Мектеп қатты ұнайтын (11 жаста 55%-дан 15 жаста 33%-ға дейін), мұғалімдер (11 жаста 82%-дан 15 жаста 63%-ға дейін) мен сыныптастардың (11 жаста 70%-дан 15 жаста 61%-ға дейін) үлкен қолдауын байқайтын жасөспірімдердің үлесі есейе келе азаяды.
- Әрбір бесінші бала мектеп жүктемесінің ауырлығын сезінеді, оны түйсіну қыздар арасында есейе келе артады. 11 жастағы ұлдар сол жастағы қыздарға қарағанда, мұғалімдер тарапынан үлкен қолдауды сезінеді.

ДЕНСАУЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРИ

- 11-15 жастағы балалар мен жасөспірімдердің 58%-ы өз денсаулығын өте жақсы деп есептейді. Өсе келе бұл көрсеткіш 11 жастағы 65%-дан 15 жасқа қарай 49%-ға дейін азаяды. Қыздар үлдарға қарағанда, денсаулығының өте жақсы екендігі туралы сирек айтады.
- Оқушылардың 90% -ы өмірге қанағаттану деңгейі жоғары деп мәлімдейді.
- Жасөспірімдердің 25%-ы денсаулығына көптеген шағым айтады. 15 жастағы қыздар (32%) сол жастағы үлдармен (19%) салыстырғанда, денсаулығына шағым айтуды жиірек, аптасына болмағанда бір рет айтып тұрады.
- 11-15 жастағы балалардың 81%-да жақсы психикалық денсаулық/әл-ауқат анықталған. Әрбір бесінші бала мен жасөспірім ары қарай диагностикалауды қажет ететін депрессия белгілері туралы мәлімдейді.
- Үлдар арасында жарақат алу көп болады. Әрбір үшінші бала мен әрбір бесінші қызы соңғы 12 айда медициналық көмекті қажет ететін кем дегенде бір жарақат алды.
- Үлдардың 16,3%-ы және қыздардың 8,2%-ы арасында артық салмақ немесе семіздік анықталған. Өсе келе бұл көрсеткіш үлдар арасында 15 жасқа қарай төмендейді. Артық дene салмағы және семіздік қыздарға қарағанда 11 жастағы үлдар арасында айтартылған жоғары болады.

ТАМАҚТАНУ ЖӘНЕ АУЫЗ ҚҰЫСЫНЫҢ ГИГИЕНАСЫ

- Оқушылардың 63% -ы күнделікті таңғы ас іshedі. Өсе келе көбінесе қыздар таңғы асты ішпейді, күн сайын ішілетін таңғы ас жиілігі олардың арасында 11 жастан 15 жасқа дейінгі аралықта 70% -дан 52% -ға дейін төмендейді. 15 жасқа қарай күн сайын таңғы ас ішетін ер балалардың үлесі таңғы асты қалдырмай ішетін қыздарға қарағанда жоғары болады.
- Балалар мен жасөспірімдердің тек 38%-ы ғана күнделікті жеміс-жидек жейді, ал 43%-ы тұрақты түрде көкөніс пайдаланады. 15 жасқа қарай жасөспірімдер (33%) арасында күнделікті жеміс жеу азаяды.
- Балалар мен жасөспірімдердің 17%-ы құрамында қантты бар газдалған сусындарды күн сайын іshedі. Осы сусындарды күнделікті пайдаланудағы гендерлік айырмашылықтар 11 жастағы қыздармен (13%) салыстырғанда, солармен жасты үлдар (18%) арасында анықталды.
- Респонденттердің жартысынан көбі (60%) апта сайын құрамында қантты бар кола және басқа да сусындарды іshedі, бұл ретте үлдар осы сусындарды апта сайын ішетіндігі туралы жиі мәлімдейді.
- Кәмпіт пен шоколадты күнделікті жеу 13 жастағы жасөспірімдер (30%) арасында кеңінен таралған.
- Балалар мен жасөспірімдердің 93% -ы күнделікті үнемі отбасымен бірге тамақ іshedі.
- Оқушылардың тек 49%-ы күніне екі рет және одан да көп тісін тазалайды, үлдармен (45%) салыстырғанда қыздар (54%) тісін көбірек тазалайды.

ДЕНЕ БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖӘНЕ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ АЗ БОЛУЫ

- 34% балалар мен жасөспірімдер арасында күнделікті дene белсенділігінің ұсынылған деңгейі анықталды. Бұл көрсеткіш жасы өсе келе төмендейді, 15 қыздың ішінде тек 27% -ы ғана кемінде 60 минуттан дene шынықтырумен күнделікті айналысады. Жалпы, үлдар күн сайын дene шынықтырумен белсенді айналысады.
- Үлдардың 52%-ы және қыздардың 36%-ы жоғары қарқынды дene белсенділімен аптасына 4-6 рет айналысады.
- Дене белсенділігінің бұл түрінің таралуы 11 жастан 15 жасқа қарай қыздар арасында 13%-ға төмендейді. 15 жастағы үлдар, қыздармен салыстырғанда, жоғары қарқынды дene шынықтыру жүктемесіне қатысты белсенді болады.
- Мектеп оқушыларының 46% -ы жұмыс күндері екі сағат және одан да көп уақыт теледидар алдында өткізеді, осында қимыл-қозғалыстың азаюы жасы өскен сайын артады. 11-13

- жастағы үл балалар теледидар алдында уақытын көбірек өткізеді, ал 15 жасқа қарай жынысы жағынан айырмашылықтар қысқарады.
- Жұмыс күндері екі сағат және одан да көп уақыт компьютер ойындарымен ойнау үлдар (33%) арасында өте көп кездеседі. Бұл мінез-құлыштың тарапуы үлдар мен қыздар арасында жас өсken сайын арта түседі.
 - 11 жастағы балалардың 19%-ында және 15 жастағы балалардың 41%-ында үй тапсырмасын орындау, интернет пен әлеуметтік желілерді көру мақсатында жұмыс күндері компьютер, смартфон, планшеттер сияқты электрондық құрылғыларды қарау екі және одан да көп сағат уақытты алады. Қыздарда 15 жасқа қарай мұндай қимыл-қозғалыстың азауы айтарлықтай өседі (44%).
 - Ұлдар мен қыздардың кем дегенде 60 минут күнделікті деңе белсенділігі, сондай-ақ теледидар мен басқа да құрылғыларды қарау уақытын шектеу Қазақстан жасөспірімдерін психикалық салауаттылыққа баулуда оң ықпал етеді.
- ### РЕПРОДУКТИВТІ ДЕНСАУЛЫҚ
- 15 жастағы үлдардың 14%-ы және қыздардың 1%-ы қалай да жыныстық қатынасқа түседі. Ұлдардың 70%-ы және қыздардың 25%-ы соңғы жыныстық қатынас кезінде презервативті пайдаланғаны туралы мәлімдеді.
 - Соңғы жыныстық қатынас кезінде бала көтертпейтін таблеткаларды қолдану туралы үлдардың 18%-ы мен қыздардың 25%-ы мәлімдеді.
- ### ТЕМЕКІ ШЕГУ, АЛКОГОЛЬДІ ТҮТЫНУ ЖӘНЕ ШӨП (ҚАРАСОРА) ШЕГУ
- Өмірінде қалай да бір темекі шеккен жасөспірімдер үлесі үлдар (3%-дан 10%-ға дейін) арасында да, қыздар (2%-дан 6%-ға дейін) арасында да жас шамасына қарай (11 жастан 15 жасқа дейін) үш есе үлғаяды, 13 және 15 жастағы үлдар арасында темекі шегу жиілігі жоғары.
 - Жақын уақыттан бері темекі шегу тәжірибесі, яғни соңғы 30 күн ішінде 1-2 күн және одан да көп күн темекі шегу өсе келе артады, атап айтқанда, үлдар арасында 15 жаста іс жүзінде үш есеге (2%-дан 7%-ға дейін) артады.
 - 11 және 13 жастағы оқушылардың арасында күнделікті темекі шегушілер 2% құрайды. 15 жастағы үлдардың 5%-ы және қыздардың 1% -ы күн сайын темекі шегетіні туралы айтады.
 - Жастары өсе келе, 13 және 15 жасқа қарай, электрондық сигарет пайдаланған жасөспірімдердің үлесі айтарлықтай артады. 15 жаста үлдардың 14% -ы және қыздардың 6% -ы электрондық сигаретті 1-2 күн және одан да көп, ұзақ уақыт бойы қолданғанын айтады.
 - Жақын уақыттан бері электронды сигарет пайдалану (қазіргі түтінушылар) 15 жастағы үлдар арасында 7% -ды және қыздар арасында 2%-ды құрады.
 - Респонденттер арасында алкогольді сусындарды қолдану деңгейі жасы өсе келе артады. 15 жастағы үлдардың 8%-ы және қыздардың 7%-ы 1-2 күн және одан да көп ішімдік ішкен, ал жақында ішімдік ішкендігі туралы үлдардың 4%-ы және қыздардың 3%-ы мәлімдейді.
 - 13 және 15 жас арасындағы кезде мас болу үлдар арасында да, қыздар арасында да айтарлықтай өсіп отыр, 15 жасқа қарай (ұзақ уақыт бойы мас болу тәжірибесі) үлдар арасында 6%-ға және қыздар арасында 5%-ға жетеді. 15 жастағы үлдардың арасында жақында болған мас болу оқиғасы, қыздармен салыстырғанда, біршама жоғары.
 - 15 жастағы жасөспірімдердің 2%-ы өмірінде кем дегенде бір рет шегіп үлгерген, жақын уақыттан бері пайдаланғаны туралы 15 жастағы жасөспірімдердің 1%-ы айтты. Ұлдар қыздарға қарағанда, көбінесе 1-2 күн және одан да көп уақыт шөп шеккендігі туралы айтады.

ТӨБЕЛЕС, БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГ

- Төбелеске үлдардың 13%-ы және қыздардың 3%-ы қатысады (үш рет және одан да көп). Үлдардың үштен бірінен астамында және әрбір оныншы қызда кем дегендे бір рет төбелеске қатысқан тәжірибесі болады. Бұл ретте төбелес 13 жастағы үлдар арасында жиі байқалады, бұл көрсеткіш 15 жасқа қарай төмендейді. Үлдар барлық жаста төбелеске жиі қатысады.
- Мектепте 11 және 13 жастағы әрбір бесінші жасөспірім, 15 жастағы әрбір оныншы жасөспірім кем дегенде бір рет және одан да көп буллинг құрбаны болады. Үлдар арасында бұл көрсеткіш 15 жасқа қарай статистикалық түрде төмендейді (14%).
- Мектепте басқа адамдардың буллингіне соңғы 2 айда кемінде 2-3 рет балалар мен жасөспірімдердің 8,3%-ы қатысты. Осындай мінез-құлыш 11 жастағы үлдардың (13%) арасында болады, ессе келе азаю үрдісі байқалады.
- Буллингке жасөспірімдердің 20%-ы кем дегендे бір рет қатысқан, бұл көрсеткіш қыздарға қарағанда 11 және 13 жастағы үлдар арасында жоғары.
- Кибербуллинг буллингке қарағанда аз таралған. Жалпы, жасөспірімдердің 5%-ы кибербуллингтің құрбаны болды немесе өздері басқа адамдардың кибербуллингіне айна 2-3 рет және одан да көп қатысқан. Бұл көрсеткіш үл балалар арасында есейе келе жиі кездеседі. Жасөспірімдердің 12%-ы кем дегендे бір рет кибербуллингке қатысады.

МИГРАНТ- БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ

- Мигрант-балалар мен Қазақстанда туған балалардың өмірге қанағаттану деңгейі бірдей, денсаулыққа шағымдары және денсаулықты өзін-өзі бағалау жағынан көрсеткіштер үқсас. Алайда бірінші буын мигрант-оқушылар арасында электрондық сигарет шегу мен алкоголь ішу көбірек, екінші буын мигрант жасөспірімдермен және иммигранттармен салыстырғанда психикалық денсаулық, буллинг пен кибербуллинг көрсеткіштері нашар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелері жасөспірімдердің денсаулық пен әл-ауқатының көрсеткіштеріндегі үлттық гендерлік және жас айырмашылықты анықтайды.

Жасөспірімдердің денсаулығын сақтау бойынша іс-шараларды өзірлеу кезінде ессе келе отбасындағы коммуникацияны жақсарту, салауатты мектеп ортасын нығайту, өсіресе үлдар арасында ауыз қуысы гигиенасының маңыздылығын және қыздар арасында құнделікті таңғы астың маңыздылығын үйрету, дұрыс тамақтану дағдыларын қалыптастыру жұмыстарына назар аудару қажет.

Қыздарды құнделікті деңе шынықтыру жүктемелеріне тартуға және жалпы соматикалық және психикалық денсаулықты нығайтатын фактор ретінде деңе белсенділігі жұмысын және спортпен айналысады ынталандыруға назар аудару керек.

Жасөспірімдерді темекі шегуге және электрондық сигаретті пайдалануға тартуды азайту, үлдарға назар аудара отырып, шөп шегу бойынша, сондай-ақ үлдар арасында да, қыздар арасында да ішімдік ішудің алдын алу бойынша сауықтыру іс-шаралары қажет.

Жасөспірімдерді сексуалды және репродуктивті денсаулық мәселелері бойынша оқытуды және кеңес беруді жақсарту талап етіледі.

Психикалық денсаулықты, психологиялық климатты жақсарту және отбасында, мектепте және қауымдастықта бейімделу жөніндегі стратегиялар жасөспірімдер арасында қауіпті мінез-құлышты, буллинг пен кибербуллингті қысқарту үшін қажет.

Осылайша, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығы мен әл-ауқатына қатысты Қазақстанда өзірленетін стратегиялар мен араласу әртүрлі жас топтарын, гендерді, әлеуметтік өзара іс-қимылды және отбасылық, мектептегі және мәдени тіршілік ету ортасын ескеруі керек.

Абдрахманова Ш.З., Адаева А.А., Слажнева Т.И. Мектеп жасындағы балалардың денсаулыққа қатысты мінез-құлқы, Қазақстан Республикасы-2018. Негізгі нәтижелер. Қоғамдық денсаулық сақтау үлттық орталығы, 2019.

Тираждау Дүниежүзілік Денсаулық сақтау үйімінің Еуропалық аймақтық бюросының қаржыландыруы арқылы іске асырылды